

## Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2007 жылғы 15 ақпандағы N 60 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 23 ақпанда N 4173 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 18 маусымдағы N 165 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 18.06.2013 N 165 қаулысымен.**

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің ұсынысына сәйкес облыс аумағында таралған карантиндік объектілердің ошақтарын залалсыздандыру мақсатында Қызылорда облысының әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Карантиндік зиянкестер - калифорниялық қалқанша сымырының және қауын шыбынның таралуына байланысты Қызылорда облысы аумағында карантинді аймақ белгіленсін және оған карантиндік режим енгізілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық әкімдігінің 2007.11.12 N 261 қаулысымен.**

2. Саялы ағаштарды және жеміс-жидек көшеттерін облыс аумағына әкелгенде көшет материалдарының карантиндік жағдайын куәландыратын фитосанитарлық немесе карантиндік сертификат болғанда ғана рұқсат етілсін.

3. Облыс аумағында карантиндік объектілердің таралу ошақтарын залалсыздандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық әкімдігінің 2007.11.12 N 261 қаулысымен.**

4. Аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдері, "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті" және "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы департаменті" мемлекеттік мекемелері іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпаратты "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (Б. Нұртазаев, келісім бойынша)

тоқсан сайын беретін болсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Б. Еламановқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2007 жылғы 12 қарашадағы N 261  
қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2007 жылғы 15 ақпандағы N 60  
қаулысымен бекітілген

### **Облыс аумағында карантиндік объектілердің таралу ошақтарын залалсыздандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық әкімдігінің 2007.11.12 N 261 қаулысымен.**

N	Іс-шаралардың атауы	Орындалу мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	2	3	4
1	Жер пайдаланушылар арасында карантиндік объектілерді жою жөніндегі ережелері, карантиндік объектілердің таралуының есебін жүргізу және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат беру бойынша ұйымдастырушылық-түсінік жұмыстарын жүргізу. Темір жол станцияларында, әуежайларда, автовокзалдарда (автостанцияларда), базарларда, байланыс бөлімшелерде карантиндік іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру.	Үнемі	Аудан және Қызылорда қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы (келісім бойынша), Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы департаменті, Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті мемлекеттік мекемелері, Фитосанитария республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы (келісім бойынша)
2	Карантиндік іс-шараларды насихаттау: химиялық күрес шараларын жүргізу жөнінде тұрғындарға хабарлау; халық арасында, тұрғындармен қауын шыбыны жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізу және орындауын қадағалау; бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.	Үнемі	Аудан және Қызылорда қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы (келісім бойынша), Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы департаменті, Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті мемлекеттік мекемелері
3	Карантиндік объектілерде жою шараларын жүргізу: карантинді зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу	Вегетация мерзімінде	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі (келісім

	жұмыстары; карантиндік объектілерді механикалық жолмен жою.		бойынша), Фитосанитария республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Қызылорда филиалы (келісім бойынша)
4	Карантиндік объектілермен күрес жөнінде өткізілген шаралардың тиімділігін анықтау мақсатында бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізу.	Ж о ю іс-шаралары аяқталғанда	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)
5	Залалданған аумақтардың шекара сын қосымша тексерулер жүргізу жолымен нақтылау.	Ж о ю іс-шаралары аяқталғанда	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)
6	Бақша өнімдерін залалданған аймақтардан алып шығу кезінде қатаң карантиндік бақылауды қамтамасыз ету.	Үнемі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша), Фитосанитария республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Қызылорда филиалы (келісім бойынша)
7	Карантиндік объектілермен күрес жұмыстарын жүргізуді және химиялық өңдеуді өткізуге қажет қызмет құралдарымен қамтамасыз ету	Ж о ю іс-шараларын жүргізгенге дейін және вегетация мерзімін де	Фитосанитария республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Қызылорда филиалы (келісім бойынша)